



МУХТАР АЗАЛЫ

№70
(2135)
Сәрсенбі
9 тамыз
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Тамыз айының алғашқы жексенбісі көлік қызметкерлерінің күні. Соған сәйкес аудандық оқушылар үйінде салтанатты шара өтті.

Мерекеге орай ұйымдастырылған кеш аудан өнерпаздарының теміржолшыларға арналған қойылымымен ашылды. Мұнан соң аудан әкімі Мұхтар Оразбаев сахна төріне көтеріліп, көлік қызметкерлері мен сала ардагерлерін мерекелерімен құттықтап, ізгі ниетін білдірді.

– Көлік және теміржол салалары – қашан да экономиканы алға жылжытушы күш, әрі экономиканың бірден-бір діңгегі десек артық айтқандық болмас.

Мезгілдің ыстық-суығымен күні-түні жол жүріп, ел абыройы мен ризығын молайтып, өзіне



жүктелген міндетті мүлтіксіз орындап жүрген мамандар қандай мадақ, марапатқа да лайық.

Себебі, көлік және теміржол саласы қызметкерлеріне жүктелетін міндет те ауқымды.

Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Сіздерге шынайы алғысымды білдіремін.

Бүгінгі кәсіби мерекелеріңізбен тағы

құттықтай отырып, Өздеріңізге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін, – деді аудан басшысы.

Шара аясында саналы ғұмырын Қазақстан темір жолы саласына арнап, дамуына лайықты үлес қосқан Қанат Әлмахановқа «Қазалы ауданының құрметті азаматы» төсбелгісі табысталды.

Сондай-ақ, бірқатар сала ардагерлері мен қызметкерлері аудан әкімінің және «Қазақстан темір жолы тасымалы» ЖШС бас директорының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Салтанатты шара мереке иелеріне арналған концерттік бағдарламаға ұласып, аудан өнерпаздары әннен шашу шашып, мың бұрала биледі.

АРДАГЕР НҰРАДИН ПАУЕШ 70 ЖАСТА

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Ақжона» ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрадин Пауешті қабылдап, 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

Аудан басшысы туған жердің әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосқан мерейтой иесіне алғысын айтып, ақ тілегін жаудырды. Мұнан соң 70 жастың желкенін керген ардагерге Қазалы ауданының Құрмет грамотасын табыстап,

иығына қазақтың шапанын жапты.

Басқосуда аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов сөз алып, зейнет жасында болса да халықтың бірлігі мен ынтымағының ұйытқысы болып отырған ардагерге ризашылығын айтып, жүрек жарды лебізін білдірді.

Өз кезегінде Нұрадин Пауеш ақсақал аудан әкімі Мұхтар Оразбаевқа алғысын білдіріп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Құмжиек» ауылдық округіндегі Қ.Күлетов атындағы №92 мектептің күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Бұған дейін құрылыс жұмыстарын тамыз айының 20-сы күніне аяқтау қажет екенін қатаң тапсырған аудан басшысы нысанның тікелей бақылауда ұстайтынын айтқан еді.

Соған сәйкес тағы да ғимараттың ішкі әрлеу, электр желілерін ауыстыру және шатырын

көрген Мұхтар Әуесұлы жұмыстарды жеделдетуді тапсырды.

Бұдан соң аудан басшысы Әйтеке би кентіндегі салынып жатқан 250 орындық мектепке барды.

Өз кезегінде аудан әкімі құрылысқа жауапты мамандарға әлде де адам санын көбейтіп, екі ауысыммен тоқтаусыз жұмыс істеу қажет екенін ескертті. Сондай-ақ, бірінші кезекте сапаға мән беріп, жұмыс қарқынын күшейтуді жүктеді.

«ШӘКЕН»АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ



ҚР-ның «Сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарына сәйкес, 6 тамыз күні «Шәкен» ауылдық округі әкімінің сайлауы өткізіліп, ауыл халқы өз таңдауын жасады. Сайлаудың қортындысы бойынша «AMANAT» партиясынан ұсынылған кандидат Берекет Сәрсенбаев басым дауысқа ие болып, «Шәкен» ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Сәрсенбаев Берекет Жұбанышбайұлы - 1981 жылы 13 маусымда Қызылорда облысы, Жаңақазалы қыстағында дүниеге келген.

1998-2003 жылдары Әулие Ата атындағы университеттен «Заңгер» мамандығы бойынша жоғары білім алып шыққан.

Еңбек жолын 2006 жылы Қазалы

ауданы, «Шәкен» ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып бастаған.

2010 жылы ҚР Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің Қазалы ауданы бойынша уәкілетті мемлекеттік экологиялық инспекторы, бас маманы;

2013-2015 жылдары ҚР Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің Қармақшы ауданы және Байқоңыр аймағы бойынша мемлекеттік экология инспекторы;

2015-2016 жылдың қараша айына дейін ҚР Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің мемлекеттік экологиялық инспекторы;

2016 жылдың қараша айынан 2022 жылдың 5 қазанына дейін ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциясының Оңтүстік өңіраралық басқармасының бас маманы болып қызмет істеген.

2022 жылдың 5 қазанынан бастап Қызылорда облысы «Қазалы ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

«АҚСУАТ» АУЫЛЫНА – 80 ЖЫЛ!



Ыдыраған Кеңес заманы туралы сөз қозғағанда, ол заманды айыптаушылар легі жыл сайын көбейіп келе жатыр. Ол түсінікті. Олар ол заманды көрген жоқ, тарих оқулығынан «казармалық – қапастық социализм» болғанын біледі. Бірақ сол заманда өмірімнің 55 жылын өткізген мен ондай пікірмен келіспеймін. Сол кеңес заманында қой шаруашылығы екінші тыңға теңеліп, Қазақстандағы қой санын 50 миллионға жеткізуді межелеп, сол бағытта көптеген жұмыс атқарылды. Мектеп бітірушілерден комсомолдың жастар бригадасы құрылды.

1942 жылдың күзінде немістер Сталинград қаласына қауіп төндірді. Орал мен Атырау облысы соғыс жағдайына келтірілді. Жау Ақтөбенің Ембі ауданындағы мұнайлы өңірге қауіп төндірді. Сол кезде Кеңес Өкіметі Ақтөбенің асыл тұқымды мирносы ақ қойын Шымкент облысына көшіруді қолға алды. 1942 жылдың қазан айында Шымкент облысына қарай бет алған қойшылар көші Қазалы ауданының Байқожа

станциясының тұсына келгенде қар қалың жауып отар-отар қойды алға қарай жылжыту мүмкін болмады. Сол кезде көштің коммунист басшысы Сәбила Батырова сол кездегі аудан орталығы Жаңақазалы поселкесіне (қазіргі Әйтеке би кенті) келіп телефон арқылы Өкімет адамдарымен хабарласып, қардың қалың болғандығынан отарды осы жерде қыстатып шығуды сұрайды. Рұқсат берген соң, аудан басшылары Байқожа станциясына жақын орналасқан «Кеңтүп» және «Бірлік» колхозының қой қорасын ұлғайтып, отар сол жерлерде қыстап қалады.

1943 жылы қыс ерте шығып көктемде далада қалың жусанның шыққанын көрген Өкімет комиссиясы, мирносы ақ қой совхозын осы жерде ұйымдастыруды қолға алады. «Кеңтүп» пен «Бірлік» колхозын біріктіріп асыл мирносы жүнді «Қазалы ақ қой» совхозын ұйымдастырады. Елді мекеннің аты жойылып кетпес үшін, совхоз орталығындағы № 100 мектеп «Кеңтүп» деп аталды және мектеп жанынан 200 орындық мектеп - интернатта шопандардың балалары оқыды. Совхоздың алғашқы директоры отар-отар қой көшін бастап келген коммунист Сәбила Батырова болды.

Совхозда селекциялық зерттеу орталығы ашылды. Жаңа совхозды қаржыландыру тікелей Москваның назарында болды. Зерттеу жүргізу үшін Москва, Ленинград қалаларынан селекционер ғалымдар келіп жұмыс істеді. Олар үшін қонақ үй, монша, клуб, кинотеатр, асхана, ауа-райын зерттейтін станция,

орыс тілді балалар бақшасы мен орыс сыныптары ашылды. Себебі, келген отбасылы ғалымдар түгелдей басқа ұлт өкілдері болатын. Олардың балалары үшін орыс сыныптары ашылды. Қазіргі тілмен айтқанда №100 «Кеңтүп» қазақ-орыс аралас мектебі болды. Совхозда 18 ұлттың өкілдері жұмыс істеді. Әсіресе немістер көп болды. Оларға жоғары жалақы төленді. Мирносы жүнді қойды асылдандыру үшін зертханада жұмыс істеушілер үшін селекционерлердің бүкілодақтық семинарлары өтіп тұратын. Қой қырку және тоғыту толығымен механикаландырылған болатын. «Қазалы ақ қой» совхозында мирносы қой басының саны өткен ғасырдың сексенінші жылдарында 75 000 бастан асты.

Совхозға 1948-1961 жылдары Дүйсенбай Мақанов директор болды. Кезінде шаруашылықтың аты бүкіл Одаққа танылды. Республиканың көрнекті ғалымдары ақ қойды асылдандыру үшін малшылармен қоян-қолтық жұмыс істеді. Жергілікті халық аянбай жұмыс істеуінің нәтижесінде, еңбегі еленді. Қазалылық шопандар бүкілодақтық ауыл шаруашылығының көрмесі ВДНХ-ға қатысып, алтын медаль алды. Атақты шопан Сүттібаев Жалғасбай КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты, совхоз директоры Дүйсенбай Мақанов ҚССР Жоғары Кеңесінің депутаты болды. Совхоз директоры 1958 жылы Социалистік Еңбек Ерінің алтын жұлдызын кеудесіне тақты. Орта жүздің Арғын руының азаматы болғасын, жеке өтінішіне

байланысты, туған жері Талдықорған облысындағы «Сарбұлақ» ақ қой совхозына 1961 жылы директор болып ауысып кетті. Жүз жасаған білікті басшы Д.Мақанов (1909-2008) «Ақсуат» ауыл тұрғындарының есінде мәңгі сақталып қалды деп ойлаймын. Жарықтық ерте тұрып совхоздағы үйлерді аралап ауласына кірдің суы төгілсе, ол үйге кірмей кететін, ауласы таза үйге кіріп хал-жағдайларын сұрап кетуші еді. Үйіне қызметтен түнгі сағат 1-лерде қайтатын. Таң қалатын едік қашан демалады деп.

Білікті басшы Дүйсенбай Мақановтың 100 жылдық мерей тойы, қайтыс болған соң бір жылдан соң «Ақсуат» аулында республикалық деңгейде аталып өтті. Ат бәйгесінің бас жүлдесіне кілем жабылған түйені мен мойныма алған болатынмын.

«Қазалы ақ қой» совхозын әр жылдары Жайлау Дүйсенбаев, Шүрен Қалабаев, Байнияз Шалболов, Раматуллаев, Қабақ Бимырза, Байғабыл Пірманов, Төлепберген Тілеуқабылов және басқалары басқарды.

«Майлыбас» ауылдық округі «Ақсуат» аулынан аудан әкімі болған есімі елге белгілі айтулы азаматтар шықты. Имандосов Самұрат, Мұсабаев Нәжімадин, Шамұратов Нәжімадин және Теңізбаев Ережеп, жазушылар: Бегділда Алдамжаров, Серік Асылбеков, Сейтқұл Оспанов. Есімі елге белгілі өнерпаз Қонысбек Аббасұлы Оразалы, белгілі кинорежиссер Жаңабек Жетіруов тағы басқаларын атап айтуға болады.

Бүркітбай ТІЛЕГЕНОВ,
«Ақсуат» ауылының тыл және еңбек ардагері

ҰСТАЗДЫҢ МІНДЕТІ – ШӘКІРТТЕН ТҰЛҒА ДАЙЫНДАУ

Ұстаз болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Шәкірт тәрбиелеу, оны биікке жетелеу, қанаттандыру, тек ұстаздың қолынан келетін қасиеттер. Ал ұстаздың міндеті шәкірттен тұлға дайындау. Әр күнін шәкіртіне арнайтын ұстаздың еңбегі өлшеусіз. Мектеп қабырғасында еркелігіңізді көтеретін де, қателіктеріңізді кешіретін де, сабақ бере отырып сүйіспеншілікке баурайтын да, махаббатқа тәрбиелейтін де, өмір сүрудің қыр-сырын үйрететін де ұстаздар қауымы. Талабыңызға тілекші болып отыратын тағы да ұстаз. Ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – аяулы әрі білімді шәкірті. Бәйгеден оза шауып, мыңнан

тұлпар, жүзден жүйрік келген шәкірті ұстаз үшін қуанышы. Мейлі сіз ғалым, тіпті беделді азамат, жоғары лауазым иесі болсаңыз да сізді өмірге жетелеген, шыңға шығуға себепші болған ұстазыңды ұмытуға қақыңыз жоқ.

29 сәуір мен үшін ерекше күн болды. Қ.Р Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қазалылық дарынды оқушылармен кездесуге келді. Мен сол дарынды оқушылардың қатарында едім. Маған министріміздің қарапайымдылығы ұнады. Менің министрмен кездесуіме себепші болған Мұстафа Матаев атындағы №170-орта мектептегі ұстаздарым:

Аймағамбетова Күләш, Татранова Шынар, Дәуітова Гүлнара, Күрлен Анар, Рахметова Әлия дер едім.

Анар апайым қазақ тілі мен әдебиет пәнінен білім беріп қоймай өнегелілікке, тәрбиеге баулыды. Апайымнан көп өнеге, үлгі алдым. Апай бізге әрқашан қолдау көрсетіп келеді. Күләш апайым математика пәнінен сабақ берді. Оқушысы Әзен Аяулым 2021-2022 оқу жылында ұлттық бірыңғай тестілеуден ауданда ең жоғары 133 балл алып, грант иегері атанды, Әзен Гауһар Президенттік олимпиаданың жеңімпазы атанды. Апайдың қатаң талаптарының арқасында математикаға қызығушылығым

артты. Физика пәні мұғалімі Әлия ұстазымның сабырлылығы қатты ұнайды. Апай бізге тек ақылын айтып сүйіспеншілікке баурайтын. Ал, Шынар апайым тарих пәнінен сабақ берді. Ұстазымыздың шәкірттері ұлттық бірыңғай тестілеудің жоғарғы балл иегерлері. Гүлнара апай ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, әрі сынып жетекшім. Апайды өз анамдай көремін. Анамыздай бізді жақсы көріп, әрқашан бізге ақылын айтып, жақсы жолға сілтеп келеді.

Менде болашақта ұстаздарым секілді мықты маман иесі болғым келеді. Ұстаздарыма шығармашылық табыстар тілеймін.

Азамат ӘБДІБАЙ

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы аудандық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 26 шілдедегі «Бірлік, Көларық және Қызылқұм ауылдық округі әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-189/311 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданы, Бірлік, Көларық, Қызылқұм ауылдық округтері бойынша сайлау учаскелерінің орналасқан мекен-жайы мен шекарасы туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мем. тіркеу №120000 - 120008 - 7495
2020 жылғы 28 мамыр

2020 жылғы 27 мамыр

№97

Сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

М. Ергешбаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазалы аудандық сайлау комиссиясымен
27.03.2020 жыл

Қазалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 мамыры

№ 97 шешіміне

1-қосымша

Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№74 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№102 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, Бірлік ауылдық округі, Бірлік ауылы, Тәуелсіздік көшесі №26-А.	Бірлік ауылдық округінің Бірлік ауылы және Қарлан учаскесі.
	№78 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№190 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, Көларық ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы, Ақтан батыр көшесі №5.	Көларық ауылдық округінің Ақтан батыр ауылы.
	№79 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№146 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, Қызылқұм ауылдық округі, Ажар ауылы, Ажар көшесі №14.	Қызылқұм ауылдық округінің Ажар елді мекені және «Жанқожа батыр», «Кәрібай бұлақ» шекара заставалары.
	№80 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№225 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, Қызылқұм ауылдық округі, Кәукей ауылы, Кәукей көшесі №3.	Қызылқұм ауылдық округінің Кәукей ауылы.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления Казалинской районной избирательной комиссии от 26 июля 2023 года №АСК-189/311 «О назначении выбора акимов сельского округа Бирлик, Коларык и Кызыл-кум» прилагается следующее сведение об адресе расположения и границе избирательного участка.

Гос. регистр №120000-120008-7495
28 мая 2020 года

№97

от 27 мая 2020 года

Об образовании избирательных участков

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах Республики Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» аким Казалинского района РЕШИЛ:

1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.
2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.
3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района

М. Ергешбаев

«СОГЛАСОВАНО»

Казалинской районной избирательной комиссии
27.03.2020 год

Приложение 1 к решению
акимата Казалинского района
от 27 мая 2020 года
№97

Избирательные участки по Казалинскому району

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №74 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №102» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Бирлик, село Бирлик, улица Тауелсиздик №26-А.	село Бирлик и участок Карлан сельского округа Бирлик.
	Избирательный участок №78 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №190» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Коларык, село Актан батыр, улица Актан батыра №5.	село Бирлик и участок Карлан сельского округа Бирлик.
	Избирательный участок №79 Коммунальное государственное учреждение «Основная школа №146» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Кызылқум, село Ажар, улица Ажар №14.	населенный пункт Ажар и пограничные заставы «Жанкожа батыр», «Карибай булак» сельского округа Кызылқум.
	Избирательный участок №80 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №225» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Кызылқум, село Каукей, улица Каукей №3.	село Каукей сельского округа Кызылқум.

АУДАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒА ДАЙЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Қазалы қаласына жақын жерде орналасқан «Шағала» балаларды сауықтыру демалдыру орталығы 2023 жылдың 2 маусымынан бастап өз жұмысын бастады. Лагерь 6 - ауысымға 875 баланы демалдыруды жоспарлаған. Бүгінгі таңда лагерьде әр ауысымда 125 бала демалып сауықтырылып жатыр.

«Балаларды сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын

бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің (м.а.) 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығы бойынша санитарлық талаптар сақталып санитариялық-эпидемиологиялық қортындымен жұмыс істеуде.

Сонымен қатар ас блогы, «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы негізінде жабдықталған.

Лагерьде арнайы дәрігер, дәрігер стоматолог, мейіркеш жұмыс істейді, медициналық қызмет көрсетумен қамтылған. Балаларды сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, жабдықтарын жөндеуге, күтіп-ұстауға және пайдалануға, персоналының өндірістік

бақылауды жүзеге асыруына, еңбек жағдайларына және тұрмыстық қызмет көрсетуіне жағдайлар жасалып күн тәртібі бекітілген.

Бүгінгі таңда Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандары тарапынан балалар арасында инфекциялық аурулардың және жаппай тағамнан уланудың алдын-алуда семинарлар, акциялар, дөңгелек столдар өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

БАЛА БАҚШАЛАРДА САПАЛЫ, ТИІМДІ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бақылауында 19 мемлекеттік, 12 жеке мектепке дейінгі ұйымдар бар. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы бойынша жаңа өсіп келе жатқан балаларды сапалы, тиімді тағаммен қамтамасыз ету маңызды.

Күн сайын бала бақшаларда тамақтанатын балалардың саны, жасына байланысты грамммен дайын тағам порциясының массасы, сондай-ақ әрбір тағам бойынша өнімдер шығысы ("брутто" салмағында) көрсетіле

отырып әрбір тамақтануға тағамдар тізбесі көрсетілетін тарту ас мәзірі парағы жасалады және ілінеді.

Тамақ дайындау тағамға кіретін өнімдердің тізбесі, олардың грамммен массасы ("брутто"), дайын тағамның "нетто" салмағы (тағамның шығысы), химиялық құрамы (граммен), құнарлылығы, тағамды дайындау технологиясы туралы мәліметтер

көрсетілген технологиялық карталарға сәйкес тағамдар картотекасын пайдалана отырып жүргізіледі.

Ас мәзірінде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде немесе келесі 2 – 3 күнде қайталауға жол берілмейді.

Тағамдар порцияларының массасы осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес көзделеді.

Балалардың жасына байланысты граммға шаққандағы порциялардың массасы

		Кесте	
		Салмағы (г)	
	1-2 жастан	3-5 жастан	6 жастағы
1	2	4	5
Таңғы ас	350 - 450	400 - 500	500-550
Түскі ас	400 - 550	550 - 600	600-800
Бесін ас	200 - 250	250 - 300	300-400
Кешкі ас	350 - 400	400 - 500	450-600

Күн сайын тамақтану рационына ет, сүт, сары май және өсімдік майы, қара бидай және (немесе) бидай наны, көкөністер және қант қосылады. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, құстың еті күнтізбелік жеті күнде бір рет қосылады.

Таңғы ас ыстық тағамнан (бірінші немесе екінші) және ыстық сусыннан, жұмыртқа, сары май немесе

ірімшік қосылған бутербродтан тұрады. Екінші таңғы асқа шырындар, жемістер көзделеді.

Түскі ас салат, бірінші, екінші (негізгі ыстық тағам еттен, балық немесе құстан) және үшінші (компот, шай, шырындар және кисель) тағамнан тұрады.

Пісірілген және жас көкөністерден күрделі емес салаттар дайындалады. Бесін асының

мәзіріне Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен

"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің 8-бабына сәйкес рұқсат етілген, тоқаш немесе кремсіз кондитерлік өнімдермен бірге балалар тағамына рұқсат етілген сусын қосылады.

Кешкі ас көкөніс (сүзбе) тағамынан немесе ботқадан; негізгі екінші тағамнан (ет, балық немесе құс), сусыннан (шай, шырын, компот және кисель) тұрады. Екінші кешкі ас ретінде қосымша жемістерді немесе қышқыл сүт өнімдерін және кремсіз тоқаш немесе кондитерлік бұйымдарды қосады.

Тамақтанудың арасындағы интервал 3,5 – 4 сағаттан аспайды.

Тамақтану нормалары "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыз-

дағы № 320 қаулысында көзделген.

Балалар организмі үнемі өсіп, дамып отырағандықтан олардың зат алмасу процестері елеулі өзгерістерге ұшырайды. Жоғарыдағы қағида талаптарына сәйкес көрсетілген тағамдар берілсе балалардың денсаулығын нығайтады и м у н и т е т е р і н жоғарылатады және әртүрлі аурулардың болуының алдын-алады.

Дұрыс және тиімді тамақтану – денсаулық негізі екенін ұмытпау керек

Г.Т. МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарту аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.